

Тақырыбы: Діни төзімділік



Тарихты парақтап көрелікші, халықтың діни наным-сенімдерін сыйламаудың түбі қанды шайқастарға ұласып, бүтін бір мемлекеттің жойылып кетуіне де әкелгенін аңғарамыз. Ал діни төзімділігі қалыптасқан елдің мұраты да, мүддесі де, келешегі де биік. Тәуелсіз Қазақстанда бүгінгі қоғамда мұндай төзімділіктің үш түрі сақталған. Тарқатып айтайық, бірінші – өзге діндегі азаматтардың сеніміне төзімділік, екіншісі – өзге конфессиялардың өкілдеріне деген төзімділік, үшіншісі – Құдайға мойынсұнғандар мен атеистер арасындағы төзімділік. Яғни, татулықты ту еткен егемен елімізде діни төзімділіктің барлығы сақталған. Оған дәлелдер де жоқ емес.

Ата Заңымыздың 1-бабы 1-тармақшасында:

«Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп айшықтап жазылған.

Дін сияқты өте нәзік мәселеге «екі шоқып бір қараған» еліміз, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бүгінде діни төзімділіктің үлгісін көрсетіп келеді. Халықаралық ұйымдар мен әлемдік сарапшылардың пікірінше, Қазақстан әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға қомақты үлес қосуда. Мұның бір ғана айқын дәлелі – дүниежүзінде тұңғыш рет қазақ жерінде ұйымдастырылған әлемдік және дәстүрлі дін жетекшілерінің съездері. Тұп-тура он жыл бұрын алғаш рет елордада байрағын көтерген форум әрбір үш жыл сайын, 2006, 2009, 2012 жылдары жалғасын тапты.





Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің жиынын өткізу туралы жоғарыдағы идеясын ислам, православие, католицизм, протестантизм, буддизм, индуизм, конфуциандық, иудаизм және басқа да көптеген діндердің өкілдері бір ауыздан қолдаған-ды. Осы игі бастама арқылы қанды қақтығысқа дейін барған діндер арасындағы келіспеушіліктер бір үстелдің басында көтеріліп, күн тәртібіне шығарылды.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа Заңның соңғы толықтырулары мен өзгертулері қоғамда түрлі пікір туғызса да, ел азаматтарының діни наным-сенімін құрметтей отырып, мемлекеттегі тұрақтылықты одан әрі дамыту үшін жұмыс істейтін стратегиялық құжат болғанын уақыт көресетті. Бұл – елімізде рухани жаңғыру, ар-ождан бостандығы, азаматтық бейбітшілік пен конфессияаралық келісімді сақтап, нығайтуға бағытталған Елбасы саясатының жемісі.

Алыс-жақын шетелдерде «Этносаралық және конфессияаралық келісімдердің қазақстандық моделі» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткенінен хабардармыз. Қазақ елінің тиімді саясатын сырткөз саралап, үлгі алуда. Венгрия, Чехия, Бельгия сияқты Еуропа елдері Қазақстандағы діни толеранттылыққа қызыға қарайды, кеңінен насихаттайды. Тіпті, «Н.Назарбаев – этносаралық және конфессияаралық келісімдердің қазақстандық моделінің негізін қалаушы» деген кітап бірнеше тілге аударылды.

Жоғарыдағы жетістіктер азат, егемен, дербес еліміздің мақтанышы һәм жетістік. Елбасының сарабдал саясатының жарқын айшығы. Сондықтан, ел ішіндегі бір шаңырақ астына ұйысқан барлық дін өкілдері, өзге ұлттар және қазақстандықтар, ең алдымен тәуелсіздікке алғыс айтуға тиіспіз. Алла егемендігіміздің тұғырын берік етіп, қазақ жұртына тыныштық пен татулық берсін. Жаратушы адамгершілік пен сүйіспеншілікті қолдайды. Біз Оның жақсы көруіне лайық елміз.

назарларыңызға

рахмет